

ТЕОРИЯЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ҚАЛАЙ ТАПСЫРУ КЕРЕК

Теориялық білімді бағалау қажетті даярлық аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Ұшқыштар PPL, CPL, ATPL, MPL куәліктерін алу және IR біліктілік белгісін енгізу үшін тиісті емтихандарды тапсырады.

Емтиханға дейін - АОО-да теориялық даярлық курсын аяқтаңыз. - АОО ұсынымын алыңыз. Ұшу экипажының мүшелері үшін ол 12 ай жарамды. - Біліктілік талаптарының орындалғанына және тиісті сыныптағы жарамды медициналық сертификаттың бар екеніне көз жеткізіңіз.	Қандай өтініш нысанын толтыру керек - ҚАӘ-нің «Біліктілік (теориялық) емтихандарына жіберу туралы өтініш» нысанын пайдаланыңыз. - Нысан мен оны толтыру нұсқаулығы ҚАӘ сайтында: «Емтихан қызметі басқармасы → Әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелері».
--	--

Өтінішті қалай толтыру керек

1	Үміткер туралы мәліметтер Т.А.Ә., туған күнін, ЖСН, телефонды, e-mail және бар болса куәлік нөмірін көрсетіңіз.
2	Емтихан мақсаты PPL / CPL / ATPL / IR белгілеңіз, ӘК санатын және емтихан пәнін көрсетіңіз.
3	Әрекет 1-, 2- немесе 3-әрекетті белгілеңіз және қолданылса, алдыңғы әрекет күнін көрсетіңіз.
4	Растау «Үміткердің өтінішіне» қол қойып, күнін қойыңыз. Жіберуге қатысты қалған бөлімдер мен тіркеу картасын емтихан алушы толтырады.

Емтихан қалай өтеді

- Емтихан басталар алдында емтихан алушы нұсқама өткізеді: пәндерді, сұрақтар санын, бөлінген уақытты, өту шегін, қайта тапсыру және апелляция тәртібін хабарлайды. Нұсқама уақыты емтихан уақытына кірмейді.
- Үй-жайда аудио-бейнежазба жүргізіледі. Телефондар мен өзге электрондық құрылғылар өшірілуге тиіс. Сөйлесуге, материалдармен алмасуға, қағаз немесе электрондық дереккөздерді пайдалануға және үй-жайдан шығуға болмайды.
- Бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін тестілеу автоматты түрде аяқталады. Дұрыс жауаптар компьютерлік бағдарлама арқылы есептеледі.

75 % дұрыс жауаптардың ең төменгі үлесі	18 ай барлық пәндерді тапсыруға	10 жұмыс күні 75 %-дан төмен нәтиже болса, қайта бағалауға дейін	3 әрекет 3 сәтсіз әрекеттен кейін - АОО-да қосымша даярлық
--	------------------------------------	---	---

Нәтиже және қолданылу мерзімі

Бағалау нәтижесі үміткерге 2 жұмыс күні ішінде беріледі. Теориялық білімді бағалауды сәтті аяқтағаннан кейін сертификат беріледі: PPL/LAPL/ULAPL - 24 ай; CPL және IR - 36 ай; ATPL - № 517 Қағидалардың 56-тармағында белгіленген тәртіппен 7 жыл.

Емтихан қағидалары бұзылған жағдайда

Көмекші нұсқауларды, бөгде материалдарды, электрондық құрылғыларды пайдалану және өзге де бұзушылықтар кезінде емтихан алушы емтиханды тоқтатады және нәтижені жояды. Мұндай жағдайда қайта бағалау 12 айдан ерте емес жүргізіледі.

Нәтижемен келіспесеңіз: апелляция № 517 Қағидалардың 14-қосымшасындағы нысан бойынша ҚАӘ-ге нәтиже алынған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі; комиссия оны 15 жұмыс күні ішінде қарайды, шешімнен үзінді хаттама тіркелгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде беріледі.